Ақтөбе облысының білім басқармасы
Алға ауданының білім бөлімі ММ
«В.И.Пацаев атындағы №2 Алға орта мектебі» КММ

# «Бес асық» секция
# б а ғ д а р л а м а с ы

2024 жыл

Ақтөбе облысының білім басқармасыАлға аудандық білім бөлімінің экспертік кеңесінде
«02» 09 2024 жыл
№ 1 хаттама негізінде бекітілді

Алға ауданының білім бөлімінің әдіскері: Р. Тулегенова

**Құрастырған:** Набиев Е.А. – В.И.Пацаев атындағы №2 Алға орта мектебінің дене шынықтыру пәні мұғалімі педагог – сарапшы

**Пікір жазғандар:** Б.Мусина – «В.И.Пацаев атындағы №2 Алға орта мектебі» КММ-нің дене шынықтыру пәні мұғалімі, педагог- сарапшы

К.Өміров – «№3 Алға қазақ орта мектебі» КММ-нің дене шынықтыру пәні мұғалімі, педагог-сарапшы

«Бес асық» секциясының бағдарламасы жалпы білім беретін мектеп оқушыларының жас ерекшелігін ескере отырып, 9-15 жастағы балаларға арналып құрастырылған.

## Түсінік хат

Бағдарлама бағыты: Ұлттық ойын. Тәрбие бағыты: Асық ойынының түрлерін үйрету арқылы эстетикалық, патриоттық, мәдени тәрбие беру. Мақсаты: Ұлттық асық ойынын жандандырып, жоғары деңгейде оқушылардың ұлттық ойынға деген қызуғушылығын қалыптастыру. Міндеттері: - Мектеп базасында дене тәрбиесі сабағында алған білімдерін шыңдап шеберліктерін қосымша білім беру арқылы әрі қарай дамыту оқушының дарынын ашу. - Асық ойынын жетік меңгере алатын тұлға қалыптастыру. - Асық ойыны сондай-ақ ептілікке,мергендікке,ұқыптылыққа,сергектікке баулу, қазақтың ұлттық ойындарын білуге құштарлығын аттыру. - Қазіргі ұрпақтың санасына алыстап бара жатқан бабаларымыздың ұлттық ойын түрлерін әсіресе асық ойынын жандандыру. "Асық ату" бағдарламасында жыл бойына 34 сағатқа аптасына 1 сағаттық бағдарлам қарастырылған.

Бағдарламаның өзектілігі: Мектеп оқушыларының патриоттық сезімін ояту. Отанға сүйіспеншілігі мол, білімді және білекті тұлға қалыптастыру үшін асық ойындары арқылы сабақта және сабақтан тыс ықпалдастырылған пәндерді жүргізу қажеттілігі туып отыр.Асық ойыны баланың жастайынан жүйке жүйелерін шыңдап, оларды дәлдікке, ұстамдылыққа, байсалдылыққа тәрбиелейді. Осындай қасиеттері болмаса, адам ойында да, өмірде де көздеген мақсатынан шыға бермейді. Бағдарламаның жаңашылдығы: Халқымыздың ұлттық ойындарын жаңғырта отырып, заманауи технология бойынша ұрпақ бойына дарыту; - ұлттық, патриоттық, эстетикалық тәрбие берудің инновациялық негіздерін қалыптастыру, бағдар беру Оқушы асық ойынын ойнау барысында күтілетін нәтиже: - Асық ойнау барысында логикалық ойлау қабілетін арттырады; - Асық ойыны арқылы негізгі пән аралық байланыс жолға қойылады; - Ойындар арқылы логикалық тапсырмаларды жылдам орындайды; - Ұлттық ойындардың білімдік маңызы қозғалыс қасиеттерінің дамуымен бір мезгілде қозғалыс дағдылары да жетіледі.

## Пікір

Әр ойыншыда бес асықтан болады. Асықтың салмағы ( гр). кем болмауы керек, ал жоғары болуына рұқсат. Асықтар сіңірінен жақсылап тазартылған болсын. Төрт асық бір түспен, хан басқа түспен боялады. Түстерді таңдау ойыншының өз еркінде. Ойыншының киім нысаны спорт үлгісінде немесе ұлттық үлгіде болуы шарт.

**Ойын мазмұны.** Ойын кезегі асықтарды иіру арқылы анықталады. Асығы алшысынан түскен ойыншы ойнау кезегіне ие болады. Бірінші ойыншы ойынның ережесін бұзғанша ойнайды. Кейін ойынға екінші, үшінші ойыншы өз кезегімен кіріседі. *6 ж.,7 ж.,12* және ұпайдан басқа ойындар бір қолмен ойналады. Ойыншы жерден (кілемнен) асықтарды алғанда, асық алатын қолы басқа асықтарға тимеуі және кілемде жатқан ойын асықтары бір- біріне тимеуі керек, екінші қолы тізесінің үстінде болуы шарт. Әр жаттығудан кейін ойынды бекіту. Әр жаттығуда хан бірден алынады, басқа жағдайда ойын кезегі келесі ойыншыға өтеді. Егер ереже бұзылса, кезек келесі ойыншыға беріледі. Ойын жалғасы әрекеттің бұзылған жерінен басталады.

1. **«Бірлік».** Ойыншы кілемге бес асықты иіріп тастайды, міндетті түрде ханды алады, (Хан асық ойнын жүргізетін негізгі асық болып есептеледі). Ойыншы ханды жоғарыға лақтырып, кілемде жатқан асықтардың бірін алып, лақтырған ханды қағуы керек. Хан қайта жоғары лақтырылып, кілемдегі шашылған асықтардың екіншісі, кейін үшінші, төртінші алынады. **Ескерту:** Ханды қаққан кезде алақанның сырты кілемге жанаспауы керек. Кілемнен алынған асықтар, бөлек жиналады.

2. **«Екілік».** Бес асық шашылады. Хан жоғарыға лақтырылып, кілемнен екі асық алынады да бірліктегідей лақтырылған хан қағылып алынады. Кейін тағы екеуі алынады. Кілемнен алынған асықтар бөлек жиналады.

3. **«Үштік».** Бес асық шашылады. Хан жоғарыға лақтырылып, кілемнен үш асық алынады. Хан қайта қағылады. Кілемде қалған жалғыз асық ханды жоғары лақтырып, бөлек алынады, хан қайта қағылады.

4.**«Төрттік».** Барлық бес асықты алақанда ұстайды. Хан жоғарыға лақтырылып, қалғандары бірден кілемге қойылады да лақтырылған

1. асық қағылып алынады. Кейін хан жоғарыға лақтырылып, төртеуі жиылып алынып, лақтырылған хан қағылады.

5. **«Жалақ».** Барлық асықтар алақанға жиналады, хан жоғары лақтырылып, қалған төрт асықты қапсыра ұстап, сұқ саусақ үш немесе бес рет (келісім бойынша) алға немесе артқа қарай үйкеліп кілемге жалатылады, шамалап 5 см (ерсілі – қарсылы үйкеуге, кілемді нұқуға болмайды). Ханды құлатпай қағып алу керек.

6. **«Алақан».** Асықтар кілемге шашылады, қолдың алақаны үстіне қаратылып, кілем үстіне сырт жағымен қойылады, хан жоғарыға лақтырылып, кілемдегі асықтардың біріншісі алынып, алақанға қойылады, хан қайта қағылады. Екінші, үшінші, төртінші асық та осылай ойналады, соңында ханды алақанға қоймыз. Асықтар алақанға ғана жиналады, егер білезіктің үстіне қарай асықтың тұмсығы болса да шығып кетсе қатеге есептеледі.

7. **«Төрт бұрыш».** Төрт асық шаршы бойынша (шамамен 20*20см. ересектер, 10*10см. жасөспірімдер) қойылады. Ойыншы асығын жоғарыға лақтырып, шаршылай тігілген асықтарды бірден жинап, лақтырылған асықты қағып алуы тиіс.

8. **«Алмастыру»** Асықтар кілем үстіне шашылады. Хан жоғарыға лақтырылып, кілемнен бір асық алынып, лақтырылған асық қағылады. Ойыншының қолында екі асық болады. (Хан екінші қолдың көмегінсіз алға яғни саусақтарғ ауыстырылады). Ол жоғарыға лақтырылып, қолда қалған екіншісі кілемде жатқан басқа асықпен алмастырылады да лақтырылған хан қағылып алынылады. Осылайша, асықтарды алмастыра отырып, олар бір жерге жинастырылады. Соңында хан жоғары лақтырылады, қолға төрт асық жиналып алынады да хан қайта қағылады.

9. **«Үндемес»** Бірліктегі әрекет қайталанады, бірақ лақтырылған асықты ұстар кезде қалғандары бір-біріне соқтығысып сартылдаған немесе т.б дауыс шығармауы керек.

10. **«Сарт-сұрт».** Бірліктегі әрекет қайталанады, бірақ лақтырылған асықты ұстар кезде, асықтар бір- біріне тиіп, оның соқтыққан сарт - сұрт дыбысы естілуі тиіс.

11. **«Қаршу».** Асықтар шашылады. Хан жоғарыға лақтырылады. Кілем үстінде шашылып жатқан асықтардың біреуін көтеріп, түсіп келе жатқан ханды үстінен қаршып қағу керек.Сонда қолда екі асық болады.Көтерілген асықты бөлек жинаймыз. Ханды лақтырып, қалған асықтарды бір-бірлеп теріп, түсіп келе жатқан ханды қаршып қағып отыру керек.

12. **«Нәби».** Ойыншы сол қолының бас бармағы және ортаңғы саусағының көмегімен «дарбаза» құрады, оң қолмен құрылған «дарбазаның» үстінен асыра алдыңғы жаққа асықтарды шашады. Хан жоғарыға лақтырылады, ал қалған асықтарды бір- бірден сыдыртып «дарбазаның» астымен қолдың арғы жағына өткізіп барып лақтырылған ханды құлатпай қағу керек. Осылайша, «дарбазаға» барлық асықтар кезекпен енгізіледі. Бұл әрекетте ереже бар: ойыншы тағы бір асық таңдайды – «ағалық» («нәби»). Бұл ең жақыны немесе алыс асық болуы мүмкін, ол туралы ойынның бас кезінде келісіледі. Ол «дарбазаға» ең соңғы болып кіргізіледі. Бұл асықты қарсыласы таңдайды.

**Ұпайларды санау.**

Алдыңғы әрекеттерді аяқтаған соң, ойыншы ұпайларды жинайды.

1. Жоғарыға 5 асық лақтырып, оларды алақанның сыртымен ұстап алады. Қайта жоғарыға лақтырып, оларды үстінен қаршып ұстайды. Әр асық 10 ұпаймен есептеледі. Егер ойыншы барлық 5 асықты ұстап алса, онда 50 ұпай жинайды. Егер ұпай алар кезде ойыншы 0 яғни еш ұпай ала алмаса келесі ойын бірліктен бастайды. Ұпай алуға екінші мүмкіндік берілмейді.

Ойыншылар кілемнен асықтарды алған кезде, басқа асықтарға қолдары тимеуі керек. Егер ойын ережесі бұзылса, ойынды келесі ойыншы жалғастырады.

Ойын әр қашан бұзылған жерінен жалғастырылады.

ЖЕҢІСТІҢ БЕРІЛУ ШАРТЫ: Қай ойыншы бұрын 150 ұпайға қол жеткізсе, бірінші орынды иеленеді. Бірақ кезек алған бірінші ойыншы ойынды басынан аяғына дейін тоқтамастан ойнап 150 ұпайды толық алып кетсе, екінші ойыншыға бір мүмкіндік беріледі. Екінші ойыншы өз шеберлігін көрсетуге құқылы. Егер ол да бірінші ойыншы сияқты өз ойын тоқтамастан ойнап, 150 ұпай жинаса тең дәрежелі ойын деп есептеліп, жеңіс асық иіру арқылы анықталады. Ересектер-150 ұпай, жасөспірімдер – 100 ұпай.

ЕСКЕРУ: Бес асық ойны уақытқа ойналады. Ересектерге жалпы 10 минут, жасөспірімдерге 15минут уақыт беріледі. Әр ойыншы ойын барысында 1 минуттық үзіліс алуға құқылы.

Төреші ойын барысын толық өз бақылауында ұстайды. Ойын ережелерін, тәртібін, тыныштығын бұзған ойыншыға 1-рет ауызша ескерту жасалады, 2- рет сары кәртішке көрсетіледі, ескертулерге құлақ аспаса 3-рет қызыл кәртішке көрсетіліп ойыннан босатылады.

**Бағдарламаның мақсаты**

Білім алушыларды зияткерлік және еріктік әлеуетін ашу; бес асық ойыны арқылы бос уақыттарын дұрыс пайдалануға бағыттау.

**Міндеттері:**

***Білім беру:***

- Бес асық ойынының техникасын оқыту;
- балаларға бес асық ойыны теориясымен таныстыру;
- жазықтықта бағдар алу дағдысын оқыту.

***Дамыту:***

- оқушылардың ойлау қызметін белсендіру: логикалық және стратегиялық ойлауды, жады мен бақылағыштықты жаттықтыру;
- ойлау қабілеттерін дамыту: бірнеше жүріс алға есептеме жүргізу, бейнелі және аналитикалық ойлау дағдысы;
- балаларды дербестікке талпынуға дамыту;
- бес асық ойыны арқылы шығармашылық әлеуетін дамыту.

**«Бес асық» үйірмесінің жылдық жоспары**
**(аптасына 3 сағат,барлығы 102 сағат)**

| № | Тақырып, мазмұны | Сағат саны |
|---|---|---|
| 1 | Асық ойынының шығу тарихы | 1 |
| 2 | Ойын ережесін түсіндіру | 1 |
| 3 | Асық ойын түрлерімен таныстыру | 1 |
| 4 | Асықтың түрлерімен танысу. | 1 |
| 5 | Бес асықты алақанда ұстап іріп тастау. | 1 |
| 6 | Асықты жоғары лақтырып қағып алу әдістерін үйрету | 1 |
| 7 | Асықты жоғары лақтырып қағып алу әдістерін қалыптасытыру. | 1 |
| 8 | Бірлік ойын әдісін үйрету. | 1 |
| 9 | Бес асық ойыны. | 1 |
| 10 | Бірлік ойын әдісін қалыптастыру. | 1 |
| 11 | Екілік ойын әдісін үйрету. | 1 |
| 12 | Бес асық ойыны. | 1 |
| 13 | Бірлік ойын әдісін шыңдау. | 1 |
| 14 | Екілік ойын әдісін қалыптастыру. | 1 |
| 15 | Бес асық ойыны. | 1 |
| 16 | Екілік ойын әдісін шыңдау | 1 |
| 17 | Үштік ойын әдісін үйрету. | 1 |
| 18 | Бес асық ойыны. | 1 |
| 19 | Үштік ойын әдісін қалыптастыру. Төрттік ойын әдісін үйрету. | 1 |
| 20 | Асықтардың арасы 20 см болады. | 1 |
| 21 | Бес асық ойыны. | 1 |
| 22 | Үштік ойын әдісін шыңдау. | 1 |
| 23 | Төрттік ойын әдісін қалыптастыру. | 1 |
| 24 | Бес асық ойыны. | 1 |
| 25 | Төрттік ойын әдісін шыңдау. | 1 |
| 26 | Бес асық ережесі бойынша үйретілген ойын түрлерінің топтық әдіс тәсілдерін шыңдау. | 1 |
| 27 | Бес асық ойыны. | 1 |

| | | |
|---|---|---|
| 28 | Үйретілген ойын түрлерінің топтық әдіс тәсілдерін шыңдау. | 1 |
| 29 | Жалақ ойын әдісін үйрету. Сұқ саусақпен | 1 |
| 30 | Бес асық ойыны. | 1 |
| 31 | Жалақ ойын әдісін қалыптастыру. | 1 |
| 32 | Алақан ойын әдісін үйрету. | 1 |
| 33 | Бес асық ойыны. | 1 |
| 34 | Жалақ ойын әдісін шыңдау. | 1 |
| 35 | Алақан ойын әдісін қалыптастыру. | 1 |
| 36 | Бес асық ойыны. | 1 |
| 37 | Алақан ойын әдісін шыңдау. | 1 |
| 38 | Төртбұрыш ойын әдісін үйрету. | 1 |
| 39 | Сұқ саусақпен үш рет артқа қарай кілемді үйкелеу. | 1 |
| 40 | Бес асық ойыны. | 1 |
| 41 | Төртбұрыш ойын әдісін қалыптастыру. | 1 |
| 42 | Алмастыру ойын әдісін үйрету. | 1 |
| 43 | Бес асық ойыны. | 1 |
| 44 | Төртбұрыш ойын әдісін шыңдау. | 1 |
| 45 | Алмастыру ойын әдісін қалыптастыру. | 1 |
| 46 | Бес асық ойыны. | 1 |
| 48 | Бес асық ережесі бойынша үйретілген ойын түрлерінің топтық әдіс тәсілдерін шыңдау. | 1 |
| 49 | Бес асық ережесі бойынша үйретілген ойын түрлерінің топтық әдіс тәсілдерін шыңдау. Үндемес ойын әдісін үйрету. | 1 |
| 50 | Бес асық ойыны. | 1 |
| 51 | Үндемес ойын әдісін қалыптастыру. | 1 |
| 52 | «Сарт-сұрт» ойын әдісін үйрету. | 1 |
| 53 | Жоғары лақтырылған асықты ұстар кезде екі рет сарт-сұрт дыбысын шығару. | 1 |
| 54 | Бес асық ойыны. | 1 |
| 55 | Үндемес ойын әдісін шыңдау. | 1 |

| | | |
|---|---|---|
| 56 | «Сарт-сұрт» ойын әдісін қалыптастыру. | 1 |
| 57 | Бес асық ойыны. | 1 |
| 58 | «Сарт-сұрт» ойын әдісін шыңдау. | 1 |
| 59 | Қаршу ойын әдісін үйрету. | 1 |
| 60 | Бес асық ойыны. | 1 |
| 61 | Қаршу ойын әдісін қалыптастыру. | 1 |
| 62 | Нәби ойын әдісін үйрету. | 1 |
| 63 | Бес асық ойыны. | 1 |
| 64 | Қаршу ойын әдісін шыңдау. | 1 |
| 65 | Нәби ойын әдісін қалыптастыру. | 1 |
| 66 | Бес асық ойыны. | 1 |
| 67 | Нәби ойын әдісін шыңдау. | 1 |
| 68 | Бес асық ережесі бойынша үйретілген ойын түрлерінің топтық әдіс тәсілдерін шыңдау. | 1 |
| 69 | Бес асық ережесі бойынша үйретілген ойын түрлерінің топтық әдіс тәсілдерін шыңдау. | 1 |
| 70 | Бес асық ойыны. | 1 |
| 71 | Ереже бойынша үйретілген ойын түрлерінің командалық әдіс тәсілдерін шыңдау. | 1 |
| 72 | Бес асық ойын түрлерін жекелей шеберлікпен ойнау әдіс тәсілдерін шыңдау. | 1 |
| 73 | Бес асық ойыны. | 1 |
| 74 | Бес асық ойын түрлерін жекелей шеберлікпен ойнау әдіс тәсілдерін шыңдау. | 1 |
| 75 | Ұпай жинау әдісін үйрету. | 1 |
| 76 | Бес асық ойыны. | 1 |
| 77 | Бес асық ойын түрлерін жекелей шеберлікпен ойнау әдіс тәсілдерін шыңдау. | 1 |
| 78 | Ұпай жинау әдісін қылыптастыру, шыңдау. | 1 |
| 79 | Бес асық ойыны. | 1 |
| 80 | Ереже бойынша командалық ойын әдіс тәсілдерін шыңдау | 1 |
| 81 | Бес асық ойыны. | 1 |

| | | |
|---|---|---|
| 82 | Ереже бойынша командалық ойын әдіс тәсілдерін шыңдау | 1 |
| 83 | Бес асық ойыны. | 1 |
| 84 | Ереже бойынша командалық ойын. | 1 |
| 85 | Ұпай жинау әдісін үйрету. | 1 |
| 86 | Бес асық ережесі бойынша үйретілген ойын түрлерінің топтық әдіс тәсілдерін шыңдау. | 1 |
| 87 | Асықты жоғары лақтырып қағып алу әдісітерін үйрету | 1 |
| 88 | Екілік ойын әдісін қалыптастыру. | 1 |
| 89 | Сұқ саусақпен үш рет артқа қарай кілемді үйкелеу. | 1 |
| 90 | Қаршу ойын әдісін қалыптастыру. | 1 |
| 91 | Үйретілген ойын түрлерінің топтық әдіс тәсілдерін шыңдау. | 1 |
| 92 | Бес асық ережесі бойынша үйретілген ойын түрлерінің топтық әдіс тәсілдерін шыңдау. | 1 |
| 93 | «Сарт-сұрт» ойын әдісін қалыптастыру. | 1 |
| 94 | Бес асық ережесі бойынша үйретілген ойын түрлерінің топтық әдіс тәсілдерін шыңдау. Үндемес ойын әдісін үйрету. | 1 |
| 95 | Алмастыру ойын әдісін үйрету. | 1 |
| 96 | Үйретілген ойын түрлерінің топтық әдіс тәсілдерін шыңдау. | 1 |
| 97 | Қаршу ойын әдісін үйрету. | 1 |
| 98 | Төртбұрыш ойын әдісін қалыптастыру. | 1 |
| 99 | Үйретілген ойын түрлерінің топтық әдіс тәсілдерін шыңдау | 1 |
| 100 | Қаршу ойын әдісін үйрету. | 1 |
| 101 | Бес асық ойыны. | |
| 102 | Бес асық ойынын ойнау. | 1 |
| **БАРЛЫҒЫ: 102 сағат** | | |

**Секция жетекшісі:**

## Күтілетін нәтиже

Балаларға арналған бес асық – баланың есте сақтау логикалық ойлау қабілетін дамытады. Осымен қатар бала бойына сезімталдық, алғырлық, шешім қабылдай алатын сияқты қасиеттерді бойларына сіңіреміз. Келесі сұрақ туындайды: балаға қалай бес асық ойынын ойнатамыз. Бір қарағанда қиындық туғызбайтын сияқты ойын ережесі оңай болғандықтан оны кішкентай балаға дейін ұғынуы мүмкін. Іс-тәжірибеде үйрету аз уақытты талап етеді. Бес асық ойынының пайдасы болу үшін, бес асық үйірмесіне қатысу керек. Оған баланың өзінің сұранысы, үйірмеге деген құлшынысы, сүйіспеншілігі болуы керек. Ең басты мақсат – балаға бес асық ойынын қалай қызықты етіп үйрету. Бұл сұраққа бірден жауап бере алмайды. Бес асық ойынның кішкентай балалармен ойнаған кезде әрбіреуіне жеке тұлға ретінде көңіл бөліп, үлкен тәжірибе арқасында үйрету керек. Ең басты сәт – баланы бес асыққа қызықтырғанда өзін бірге қызығушылық таныту керек. Балаға қалай ойын кезіндегі қызықты айтып қана қоймай, бірге сезіну керек. Осындай кезде бір нәтижеге жетуге болады.

## Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:


1. Барский Ю.П., Городецкий В.Б. Сеня, Храбрик и шашки. Правил шашек. Книга для детей младшего школьного возраста. – М.: ладос, 1998

2. Гришин В.Г. Малыши играют в шахматы. – М : Просвещение,2007.

3. М.Бодров, В.М. Высоцкий. Центральная партия.-М. Валдос,1999

4. И.М. Бодров, В.М. Высоцкий. Курс шашечных окончаний. Часть 1. Две на две. –
5. М.Валдос,2001

6. А.А. Косенко. Избранные партии И.А. Тимсковского и современная теория. –
7. М.Валдос,2001

8. Давыдова Т.Г., Атаян Г.М. Обучение детей игре в шашки. – Справочник старшего воспитателя. №8\август 2011

9. Интернет сайт для любителей шашек http://www.kombinashki.ru/roditelyam.php